



КЕЛІСІЛДІ:

« Ұлытау ауданының білім бөлімі» ММ  
басшысы  Б.К.Абдраимов

« 30 »  2022 жыл



« Ұлытау ауданының білім бөлімі» ММ  
«Ертөстік» бөбекжайы» КМҚК  
менгерушісі  Кожаметова К.Т.

2022 жыл

**ҰЛЫТАУ ОБЛЫСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ  
«ҰЛЫТАУ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ» ММ  
«ЕРТӨСТІК» БӨБЕКЖАЙЫ  
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРЫНЫ ОҚЫТУ  
ҚАЗАҚ ОРЫС ТІЛДЕРІНДЕ ЖҮРГІЗІЛЕТІН МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ  
БАЛАЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУ МЕН ОҚЫТУДЫҢ  
2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН  
ОҚУ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ**

## Түсінік хат

«Ертөстік» бөбекжайы» КМҚК жұмыс оқу жоспарын әзірлеуде төмендегі нормативтік-құқықтық құжаттарды басшылыққа алады:

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы  
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>
2. «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы  
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000293>
3. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы  
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345>
4. «Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы  
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000306>
5. «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы  
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000343>
6. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі  
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000137>
7. «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары  
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100023469>
8. «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары  
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017669>
9. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары  
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1200008275>
10. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары  
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600014235>
11. Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары  
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017657>
12. Білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шартының нысандары  
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013227>
13. Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттары  
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P0800000077>
14. Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары  
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V090005750>
15. Жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормалары  
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013272>
16. Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары  
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700015584>
17. Мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарын бейнебақылау жүйелерімен 9 жарақтау стандарттары және оларға қойылатын талаптар  
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1900018239>
18. Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидалары  
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020883>

19. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында және мектепалды сыныптарында 202-2023 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат. «Балаларды ерте дамыту институтының» Ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен ұсынылады (2022 жылғы 26 шілдедегі №7 хаттама)

[http://rc-dd.kz/sites/rc-dd.kz/uploads/docs/metodicheskie\\_razrabotki/2021/IMP\\_060821\\_kaz.pdf](http://rc-dd.kz/sites/rc-dd.kz/uploads/docs/metodicheskie_razrabotki/2021/IMP_060821_kaz.pdf)

2022 жылдың 31 тамыздағы «Ертөстік» бөбекжайы» КМҚК педагогикалық кеңесінің №1 хаттамасы.

Тәрбиеленушілердің құзыреттіліктерін, физикалық және жеке қасиеттерін дамыту олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктері мен дағдыларын қалыптастыру арқылы жүзеге асырылады.

Тәрбиелеу-білім процесін жоспарлау кезінде вариативтілік және балалар іс-әрекетін ұйымдастырудың әртүрлі формаларын, әдістері мен тәсілдерін қолдану ескеріледі.

Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру және өткізу кезінде тәрбиеленушілердің қызығушылықтары, қажеттіліктері, жас және жеке ерекшеліктері ескеріледі.

Тәрбиеленушілердің эмоционалдық жайлылығын, жан-жақты және толыққанды дамуын, балалардың белсенділік түрлерін және бірге әрекет етуге қатысушыларды тандау мүмкіндігін, ойын аймақтарының қанықтылығын, қолжетімділігін, вариативтілігін және қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін дамытушы орта құрылады.

Бөбекжайда мемлекеттік тілде білім мен тәрбие беретін 1 мен 5 жасқа дейінгі аралас екі «Гүлдер» және «Қайсар» топтары жұмыс жасайды.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы деңгейі ретінде қазіргі тұрақты өзгеріп тұрған әлемде табысты бейімделуге қабілетті бала тұлғасының қалыптасуы мен дамуы үшін жағдайлар жасайды.

Оқу жұмыс жоспарында әрбір жас кезеңдеріне арналған оқу жүктемесінің шеңберлері белгіленген және ол мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді. Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту мына бағыттар бойынша:

- физикалық дамыту;
- коммуникативтік дағдыларды дамыту;
- танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;
- шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;
- әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылады.

Физикалық даму, балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру келесі ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асырылады:

1) дене шынықтыру (ерекше тәрбиеленушілер үшін бейімделген дене шынықтыру);

2) жүзу (жүзу бассейні болған кезде);

3) сөйлеуді дамыту;

4) көркем әдебиет;

5) сауат ашу негіздері;

6) қазақ тілі (оқыту басқа тілде жүргізілетін топтарда);

7) сенсорика;

8) математика негіздері;

9) құрастыру;

10) қоршаған ортамен таныстыру;

11) сурет салу;

12) мүсіндеу;

13) жапсыру;

14) музыка.

Стандарт талаптарына сәйкес әзірленген Үлгілік оқу жоспарларында балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекеттер берілді.

«Сөйлеуді дамыту, Көркем әдебиет» ұйымдастырылған іс-әрекеттер бойынша «Ертегілер елінде» вариативтік компоненті «Гүлдер» аралас тобында (3 жас ортаңғы топта және 4 жас ересек тобында) жасалып, бекітілді. Тіл дамыту, Көркем әдебиет ұйымдастырылған іс-әрекеттерін ары қарай дамыту мақсатында енгізілді. Ондағы басты мақсат Тіл дамыту мен Көркем әдебиеттерін сабақтастырып, байланыстырып оқыту болады. Балалардың Тіл дамыту мен Көркем әдебиеттен алған білімдерін осы ұйымдастырылған іс-әрекеттерінде жалғастыру. Ертегілердің маңызын, мазмұнын балаларға айтып, көрсету арқылы жүзеге асыру. Ұйымдастырылған іс-әрекеттер балалардың, ертегілерге қызығушылықтарын арттыруға бағытталған. Сондай-ақ балалардың көз қарасын, олардың қоршаған ортамен байланысын, дүние танымын кеңейтуге мүмкіндік береді. Мектепке дейінгі баланы тәрбиелеу мен дамыту ісіне байланысты мақсаттарды шешуде ертегілер ерекше роль атқарады. Ертегі ойындары арқылы көрсетілетін әртүрлі іс-әрекеттер, қимыл қозғалыстар балалардың бойында достық, адалдық, батылдық, жанашырлық қасиеттерін тәрбиелеуге жағдай жасайды және әлемді тек ақылмен ғана емес, жүрекпен де тани білуге үйретеді. Балаларға театр, әртістік өнер, сахналау, қойылым туралы түсінік беріп, қызығушылығын оятамыз.

Әртүрлі тетрлар балаларға қуаныш, ұмытылмас әсер сыйлайды, сонымен қатар тындай білуге, есте сақтауға, түсіне білуге, рольдерге бөліп ойнауға, қазақша

әдемі сөйлей білуге тәрбиелейміз және қызығушылықтарын арттырамыз. Олардың еліктеуі мен қиялын, тілдерін дамытамыз.

**Мақсаты:**

Мектепке дейінгі баланың «Ертегілер елінде» топтамасының тақырыптарын өмірмен байланыстырып айтуға үйретеміз, баланың қиялына ерік береміз. Ертегі туралы бала өз ойын қиялдай отырып жеткізеді. Басқа ертегілермен салыстыра отырып, білім берумен қатар адамгершілік, еңбек, дене эстетикалық тәрбие беруге аса көңіл бөлінеді. Ертегі кейіпкерлерін рөлдерге бөліп, ойнай білуге үйрету. Ертегілерді толығымен айта білуге іскерлігін жетілдіру.

**Міндеттері:**

Ертегілер түрлерімен таныстыру арқылы балалардың дүние танымын кеңейту, ертегі кейіпкерлерін рөлдерге бөліп ойнауға үйрету. Балаларды қызығушылыққа, достыққа үйрету. Ертегілер дағдысын қалыптастыру.

**Әдіс тәсілдері:** Сұрақ – жауап, суретпен жұмыс, ой қозғау

**Күтілетін нәтиже**

Ойлау, көру, есте сақтау.

Ертегі кейіпкерлерін ажырату.

Оларды бір-бірімен дұрыс үйлестіру.

**Пайдаланған әдебиеттер**

1. Ертегілер журналы
2. «Сөйлеуді дамыту, Көркем әдебиет» пәндерінде шағын орталық топтарына арналған дидактикалық материалдар.
3. Тіл дамыту әдістемелік құрал.

Алматы кітап. 2013 жыл.  
Әмірова Ә.С.

Қазақстан Республикасының  
оқу-ағарту министрінің  
2022 жылғы « 09 » қыркүйек  
№ 394 бұйрығына  
2-қосымша

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2012 жылғы 20 желтоқсандағы  
№ 557 бұйрығына  
2-қосымша

**Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған  
мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың  
үлгілік оқу жоспары**

| №<br>p/c | *Ұйымдастырылған<br>іс-әрекет              | Жас топтары                         |                                     |
|----------|--------------------------------------------|-------------------------------------|-------------------------------------|
|          |                                            | «Гүлдер»<br>аралас тобы             |                                     |
|          |                                            | орта жас тобы<br>(3 жастан бастап ) | ересек жас тобы<br>(4жастан бастап) |
| 1        | Дене шынықтыру                             | аптасына үш рет                     | аптасына үш рет                     |
|          | Дене шынықтыру **                          | күн сайын                           | күн сайын                           |
| 2        | Сөйлеуді дамыту<br>және көркем әдебиет     | күн сайын                           | күн сайын                           |
|          | Қазақ тілі                                 | аптасына бір рет                    | аптасына бір рет                    |
|          | Қазақ тілі ***                             | Күн сайын                           | Күн сайын                           |
|          |                                            | -                                   | -                                   |
| 3        | Сауат ашу негіздері                        | -                                   | -                                   |
| 4        | Математика негіздері                       | күн сайын                           | күн сайын                           |
| 5        | Қоршаған ортамен<br>танысу                 | күн сайын                           | күн сайын                           |
| 6        | Сурет салу                                 | күн сайын                           | күн сайын                           |
|          | Мүсіндеу                                   |                                     |                                     |
|          | Жапсыру                                    |                                     |                                     |
|          | Құрастыру                                  |                                     |                                     |
| 7        | Музыка                                     | аптасына бір рет                    | аптасына екі рет                    |
|          | Музыка ****                                | күн сайын                           | күн сайын                           |
| 8        | Арнайы*****<br>түзетуші іс-әрекет<br>***** |                                     |                                     |

Ескерту:

\* Ұйымдастырылған іс-әрекет - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы.

\*\* Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.

\*\*\* Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады.

\*\*\*\* Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музыканы тыңдау, ән айту, әндерді жаттату, импровизация, ырғақты-музыкалық қимылдар, шулы балалар аспаптарында ойнау және басқа да музыкалық әрекеттерге уақыт бөлінеді.

Қазақстан Республикасының  
оқу-ағарту министрінің  
2022 жылғы « 09 » қыркүйек  
№ 394 бұйрығына  
2-қосымша

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2012 жылғы 20 желтоқсандағы  
№ 557 бұйрығына  
2-қосымша

**Бөбек жасы балаларына арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың  
үлгілік оқу жоспары**

| №<br>р/с | *Ұйымдастырылған<br>іс-әрекет          | Жас топтары                        |                               |
|----------|----------------------------------------|------------------------------------|-------------------------------|
|          |                                        | «Қайсар» аралас тобы               |                               |
|          |                                        | ерте жас тобы<br>(1 жастан бастап) | кіші топ<br>(2 жастан бастап) |
| 1        | Дене шынықтыру                         | Аптасына үш рет                    | Аптасына үш рет               |
|          | Дене шынықтыру                         | күн сайын                          | күн сайын                     |
| 2        | Сөйлеуді дамыту және<br>көркемә дебиет | күн сайын                          | күн сайын                     |
| 3        | Сенсорика                              | күн сайын                          | күн сайын                     |
| 4        | Қоршаған ортамен танысу                | күн сайын                          | күн сайын                     |
| 5        | Сурет                                  | -                                  | күн сайын                     |
|          | Мүсіндеу                               | күн сайын                          | күн сайын                     |
|          | Жапсыру                                | -                                  | күн сайын                     |
|          | Құрастыру                              | -                                  | күн сайын                     |
| 6        | Музыка                                 | Аптасына бір рет                   | Аптасына бір рет              |
|          | Музыка***                              | күн сайын                          | күн сайын                     |
| 7        | Арнайы түзетуші іс-әрекет              |                                    |                               |

Ескерту:

\*Ұйымдастырылған іс-әрекет - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, оның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы.

\*\* Бөбек жасындағы балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.

\*\*\* Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы ән айтуға, музыка тыңдауға, әндерді жаттатуға, импровизацияға, музыкамен ырғақты қозғалыстарға, шулы балалар аспаптарында ойнауға және музыкалық іс-әрекеттің басқа түрлеріне уақыт бөлінеді.

\*\*\*\* Арнайы түзетуші іс-әрекет арнайы мектепке дейінгі ұйымдарда, мектепке дейінгі ұйымдардың арнайы топтарында мүмкіндігі шектеулі балалар үшін жүргізіледі.